



## **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 454 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33390 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрі*

*С. Нурбек*

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім  
министрінің  
2023 жылғы 31 тамыздағы  
№ 454 бұйрығы

## **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 мамырда № 7613 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 73) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**"

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медициналық қызметкерлер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін);";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жол жүру бойынша шығыстар "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту орнына дейін және кері бағытта академиялық оқу, тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, тағылымдамадан өту орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін әр оқу оқу жылы басталғанға (Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқуға, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өтуге алғаш рет баратын адамдарды қоспағанда, оларға жол жүру бойынша шығыстар виза алғаннан кейін жүргізіледі) және аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей шыққан кезде жүргізімді. Бұл ретте, жол жүру бойынша шығыстар төлемі академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және кері бағытта докторантура бағдарламасы бойынша оқитындар үшін оқу орнынан жазбаша ресми растама не бекітілген жеке оқу жоспарының негізінде әр оқу жылы ішінде бір реттен артық емес жүргізіледі.

Академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және кері бағытта ұзақтығы 2 (екі) ай және одан да көп семестраралық каникулдық кезеңде Аустралия, Жаңа Зеландия және Солтүстік Америка елдерінде магистратура бағдарламасы бойынша оқитын стипендиаттарға шетелдік жоғары оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес каникул демалысы басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей және кері бағытта каникулдық кезең аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Академиялық оқу орнынан, тағылымдамадан өтуден, тілдік курстардан, магистратура алдындағы даярлықтан өту және кері қайту жөніндегі шығыстарды төлеу визаны, оның ішінде Қазақстан Республикасында ресімдеу немесе ұзарту қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Бұл ретте жол жүру кезінде әуе көлігін пайдалану бойынша шығыстарды төлеу стипендияның өтініші бойынша "Болашақ" халықаралық стипендиясының әкімшісі билетті брондап қойған сәттегі жол ақысының ең аз құны бойынша жүргізіледі.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша қосымша жүк тасымалдау ақысын төлеместен жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының ішінде жол жүру бойынша – тікелей қатынайтын әуе және (Қазақстан Республикасына келген сәттен тұру жеріне дейін/тұру жерінен Қазақстан Республикасынан шығу сәтіне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен аспауы қажет ) купе вагоны (жүрдек поездардың жұмсақ дивандары төмен орналасқан, қалпын реттейтін құрылғысымен бірге жұмсақ креслолары бар (СВ), сондай-ақ "Турист" және "Бизнес" класындағы екiорындық купелі вагондарды қоспағанда) тарифінен жоғары емес теміржол көлігін пайдаланғаны үшін сол аймақта қолданыстағы жол жүру құнымен тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерге жол жүру бойынша – үнемділік класы бойынша тікелей қатынайтын/транзитті әуежайларда/аймақтарда ауысып отыру әуе көлігін пайдалану үшін (әрбір транзиттік аймақта Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратураға дейінгі даярлықтан өту/ұшу сәтінен бастап және кері бағытта 24 (жиырма төрт) сағаттан аспайды), үнемділік класы бойынша теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

3) тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту орнынан ел ішінде академиялық оқу орнына дейін (қала/штат) жол жүру бойынша – үнемділік класы бойынша тікелей қатынайтын әуе көлігін пайдалану үшін, үнемділік класы бойынша теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін.

Стипендияны есептеу стипендияның нақты тұрған жерінің шығыс нормалары бойынша жүргізіледі. Егер стипендия тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген жұмыс) уақытында "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған елден ерекшеленетін елде, штатта немесе қалада болса, есептеу стипендияның нақты тұратын елінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген) (бұдан әрі – осы шығыстар нормалары) стипендияның нақты орналасқан елі, егер мұндай елдер бөлінісінде шығыстар нормаларының бекітілген тізімінде болса болса, жүргізіледі. Норматив болмаған жағдайда, есептеу осы шығыстар нормалары бойынша тағайындау елі бойынша жүргізіледі. Стипендия академиялық оқу (практика, зерттеу немесе

бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында қарастырылған жұмыс) кезінде Қазақстан Республикасы аумағында болса, Елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін осы шығыс нормаларының 4-тармағын қоспағанда, есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлеріне сәйкес жасалады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлеріне оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын есептеу кезеңі шетелдік жоғары оқу орнының/білім беру ұйымының академиялық күнтізбесіне, шақыру хатына (алғаш рет шығатындар үшін), студенттік визаны рәсімдеу үшін иммиграциялық емес нысандарға (DS-2019, 1-20), тағылымдамадан өтудің бекітілген бағдарламасына, бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына (академиялық оқуын жалғастыруға шығатындар үшін) сәйкес оқу елінде нақты оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің, бірақ оқуды/ тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру шартымен белгіленген мерзімнен аспайтын кезеңі болып табылады.

Оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын есептеу әрбір күнтізбелік айға толық көлемде жасалады.

Оқу жылының бірінші айы және оқу жылының соңғы айы күндерінің жалпы саны күнтізбелік 30 (отыз) немесе одан кем күндерді құраса, онда төлем әрбір академиялық оқу жылының бірінші немесе соңғы айында жүзеге асырылады.

Егер академиялық оқу үшін әрбір оқу жылының бірінші немесе соңғы айындағы оқу күндерінің саны, тағылымдамадан өтудің, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан жалпы мерзімі күнтізбелік 3 (үш) немесе одан кем күндерді құраса, онда осы айлар үшін төлем жасалмайды.

Академиялық оқу кезеңінде оқу материалдарын сатып алу шығыстарының сомаларын есептеу бекітілген оқу жоспарына сәйкес жылына екі рет жүргізіледі, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан және тағылымдамадан өту кезеңінде ай сайын жүргізіледі.

Тұру, тамақтану және оқу әдебиеттерін сатып алу үшін стипендияны есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы шығыстар нормаларға сәйкес тізімдеме құру күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі. Тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын төлеу алдыңғы айдың 25-інен бастап ағымдағы айдың 5-іне дейін жүргізіледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің жоғары арнаулы білім алу, клиникалық ординатурада, аспирантурада оқу үшін "бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары 2012 жылға дейінгі "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысқан стипендия иегерлеріне қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

бірінші жол мен преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қ. 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Орталық" деп аталатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы

---

бір жағынан, бұдан әрі "Стипендиат" деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы)

---

(Т.А.Ә.(бар болса)

екінші жағынан, бұдан әрі бірлесе "Тараптар", жеке-жеке "Тарап" деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:";

мынадай мазмұндағы 2.2.8-тармақпен толықтырылсын:

"2.2.8. Стипендиатта қаржылық берешек туындаған жағдайда тұруға, тамақтануға және/немесе оқу материалына есептелген стипендиядан қарыз сомасын ұстап қалуға не артық есептелген стипендияны өтеуді талап етуге.";

2.3.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.2. Виза алу үшін құжаттарды өз бетінше ресімдеуге, Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыруында көрсетілген мерзімде оқуға кетуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.3-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.3-1. Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімде оқуға нақты кірісу.";

мынадай мазмұндағы 2.3.9-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.9-1. Бекітілген оқу жоспарындағы мерзімде Шарттың 1.2-тармағына сәйкес магистр дәрежесін тағайындау туралы құжатты алу.";

мынадай мазмұндағы 2.3.12-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.12-1. Орталыққа артық есептелген стипендияны (тұру, тамақтану не оқу материалына) қабылдау туралы хабарлауға, қаржы берешегін өтеуге, академиялық оқу аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізілген шығыстар туралы Орталықпен өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қоюға.";

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Қағидалардың 27-тармағы 5) тармақшасында белгіленген жағдайларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, алған мамандығы бойынша үзіліссіз еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

мынадай мазмұндағы 3.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1-1. Осы Шарттың жалпы сомасы инфляция шығындарын және бүкіл оқу кезеңі үшін валютаның бағамдық айырмасын ескере отырып, Орталықтың Стипендиатты

оқытуға жұмсаған нақты шығыстарын негізге ала отырып, өзгертілуі мүмкін және түпкілікті болып табылмайды.";

3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Стипендиат Қағидаларда көзделген және "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап туындаған шығыстарға өз бетімен ақы төлеген жағдайда, Орталық "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы 413-бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде № 8880 деп тіркелген) сәйкес Стипендиаттың шығыстар төлемін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қосымша берілген жазбаша өтінішінің негізінде Стипендиатқа келтірілген шығыстарын өтейді.";

5.2 және 5.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыруға әкеп соққан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, не Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Стипендиат Орталық нақты келтірілген шығыстардың барлық сомасын міндетті түрде төлейді.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары Республикалық комиссия не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру не "Болашақ" стипендиясына қарсылық қабылдаған туралы шешім қабылдаған күнге дейін осы Шарт бойынша Стипендиатқа жұмсалған ақша қаражаттарын қамтиды.

5.3. "Болашақ" стипендиясынан айыруға алып келген, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде шығыстарды өтеу туралы Республикалық комиссия шешім шығарған жағдайда, Стипендиатқа нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап, тұрақсыздық айыбы төлемін (айыппұлды) қоспағанда, оған жұмсалған нақты шығыстарды өтейді.";

6.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2. Осы Шарт Стипендиат нақты келтірілген шығыстарды және осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес айыппұл сомасын төлеген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары болмаған немесе ол осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген жағдайларда, осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде осы Шарт Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан Стипендиатты айырғаны немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау

жөніндегі комиссия қарсылық білдірілгені туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұзылған болып есептеледі.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Астана қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта (ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін):

тақырыбы, бірінші жолы және кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарт (ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медициналық қызметкерлер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін);

Астана қ. 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Орталық" деп аталатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы

\_\_\_\_\_ бір тараптан, және бұдан әрі "Стипендиат" деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы)

---

---

---

(Т.А.Ә. бар болса)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесе "Тараптар", жеке-жеке "Тарап" деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:";

мынадай мазмұндағы 2.2.9-тармақпен толықтырылсын:

"2.2.9. Стипендиатта қаржылық берешек туындаған жағдайда тұруға, тамақтануға және/немесе оқу материалына есептелген стипендиядан қарыз сомасын ұстап қалуға не артық есептелген стипендияны өтеуді талап етуге.";

2.3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.6. Виза алу үшін құжаттарды өз бетінше ресімдеуге, Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыруында көрсетілген мерзімде оқуға кетуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.6-1 тармақпен толықтырылсын:

"2.3.6-1. Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыруында көрсетілген мерзімде оқуға нақты кірісуге.",

мынадай мазмұндағы 2.3.13-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.13-1. Оқу жоспарында бекітілген мерзімде Шарттың 1.2-тармағына сәйкес магистр дәрежесін тағайындау туралы құжат алуға.";

мынадай мазмұндағы 2.3.16-1 тармақпен толықтырылсын.

"2.3.16-1. Орталыққа артық есептелген стипендия (тұру, тамақтану не оқу материалын сатып алу) туралы хабарлауға, қаржылық берешекті өтеуге, академиялық оқу аяқталған сәттен бастап күнтізбелі 30 (отыз) күн ішінде жүргізілген шығыстар туралы Орталықпен салыстырып тексеру актісіне қол қоюға.";

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсы аяқтаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Қағидалардың 27-тармағы 5) тармақшасында белгіленген жағдайларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, алған мамандығы бойынша үзіліссіз еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

мынадай мазмұндағы 3.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1-1. Осы Шарттың жалпы сомасы инфляция шығындарын және бүкіл оқу кезеңі үшін валютаның бағамдық айырмасын ескере отырып, Орталықтың Стипендиатты оқытуға жұмсаған нақты шығыстарын негізге ала отырып, өзгертілуі мүмкін және түпкілікті болып табылмайды.";

3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Стипендиат Қағидаларда көзделген және "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап туындаған шығыстарға өз бетімен ақы төлеген жағдайда, Орталық "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы 413-бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде № 8880 деп тіркелген) сәйкес Стипендиаттың шығыстар төлемін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қосымша берілген жазбаша өтінішінің негізінде Стипендиатқа келтірілген шығыстарын өтейді.";

5.2 және 5.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыруға әкеп соққан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, не Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Стипендиат Орталық нақты келтірілген шығыстардың барлық сомасын міндетті түрде төлейді.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру не "Болашақ" стипендиясына қарсылық қабылдаған туралы шешім қабылдаған күнге дейін не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдаған күнге дейін осы Шарт бойынша Стипендиатқа жұмсалған ақша қаражаттарын қамтиды.



5.3. "Болашақ" стипендиясынан айыруға алып келген, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде шығыстарды өтеу туралы Республикалық комиссия шешім шығарған жағдайда, Стипендиатқа нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап, тұрақсыздық айыбы төлемін (айыппұлды) қоспағанда, оған жұмсалған нақты шығыстарды өтейді.";

6.1 және 6.2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6.1. Стипендиат осы Шарттың 5.2-тармағына сәйкес "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан кезде осы Шартты бұзған жағдайда, Орталық атына бұзу үшін негізді растайтын құжатты қоса берумен жазбаша хабарлама жолдайды. Хабарлама адресаттың почта жөнелтімін алғаны туралы хабарламамен бірге тапсырысты пошта жөнелтімі түрінде жіберіледі. Бұл ретте Орталық хабарлама алған күннен бастап Стипендиатты қаржыландыруды тоқтатуға құқылы.

6.2. Осы Шарт Стипендиат нақты келтірілген шығыстарды және осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес айыппұл сомасын төлеген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары болмаған немесе ол осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген жағдайларда, осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде осы Шарт Республикалық комиссия не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан Стипендиатты айырғаны немесе қарсылық білдірілгені туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұзылған болып есептеледі.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Астана қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шартта: бірінші жолы мен кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қ. 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ "

Бұдан әрі "Орталық" деп аталатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы

---

бір тараптан, және бұдан әрі "Стипендиат" деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы)

---

---

(Т.А.Ә. бар болса)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесе "Тараптар", жеке-жеке "Тарап" деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:";

мынадай мазмұндағы 2.2.6-тармақпен толықтырылсын:

"2.2.6. Стипендиатта қаржылық берешек туындаған жағдайда тұруға, тамақтануға және/немесе оқу материалына есептелген стипендиядан қарыз сомасын ұстап қалуға не артық есептелген стипендияны өтеуді талап етуге.";

2.3.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.2. Шетелдік ұйым белгілеген және Шетелдік ұйымның шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімдерге сәйкес виза алу, тағылымдамаға бару және өту үшін өз бетінше құжат ресімдеуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.11-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.11-1. Орталыққа артық есептелген стипендияны (тұру, тамақтану не оқу материалына) қабылдау туралы хабарлауға, қаржы берешегін өтеу, академиялық оқу аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізілген шығыстар туралы Орталықпен өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қою.";

2.3.14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.14. Бекітілген тағылымдама бағдарламасында көзделген тағылымдамадан өту мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына оралуға және Қағидалардың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып кемінде үш жыл үздіксіз алған мамандығы бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

мынадай мазмұндағы 3.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1-1. Осы Шарттың жалпы сомасы инфляция шығындарын және бүкіл оқу кезеңі үшін валютаның бағамдық айырмасын ескере отырып, Орталықтың Стипендиатты тағылымдама өтуге жұмсаған нақты шығыстарын негізге ала отырып, өзгертілуі мүмкін және түпкілікті болып табылмайды.";

3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Стипендиат Қағидаларда көзделген және "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап туындаған шығыстарға өз бетімен ақы төлеген жағдайда, Орталық "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 тіркелген) сәйкес Стипендиаттың шығыстар төлемін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қосымша берілген жазбаша өтінішінің негізінде Стипендиатқа келтірілген шығыстарын өтейді.";

5.2 және 5.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыруға әкеп соққан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, не Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Стипендиат Орталық нақты келтірілген шығыстардың барлық сомасын міндетті түрде төлейді.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру не "Болашақ" стипендиясына қарсылық қабылдаған туралы шешім қабылдаған күнге дейін не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдаған күнге дейін осы Шарт бойынша Стипендиатқа жұмсалған ақша қаражаттарын қамтиды.";

5.3. "Болашақ" стипендиясынан айыруға алып келген, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде шығыстарды өтеу туралы Республикалық комиссия шешім шығарған жағдайда, Стипендиатқа нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап, тұрақсыздық айыбы төлемін (айыппұлды) қоспағанда, оған жұмсалған нақты шығыстарды өтейді.";

6.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2. Осы Шарт Стипендиат нақты келтірілген шығыстарды және осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес айыппұл сомасын төлеген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары болмаған немесе ол осы Шартты 7-бөлімінде көзделген жағдайларда, осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде осы Шарт Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан Стипендиатты айырғаны немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия Стипендиаттың "Болашақ" стипендиясынан бас тартқаны туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұзылған болып есептеледі.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Астана қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

бірінші жолы мен кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қ. 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ "

Бұдан әрі "Орталық" деп аталатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы

---

бір тараптан, және бұдан әрі "Стипендиат" деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы)

---

(Т.А.Ә. бар болса)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесе "Тараптар", жеке-жеке "Тарап" деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:";

мынадай мазмұндағы 2.2.8-тармақпен толықтырылсын:

"2.2.8. Стипендиатта қаржылық берешек туындаған жағдайда тұруға, тамақтануға және/немесе оқу материалына есептелген стипендиядан қарыз сомасын ұстап қалуға не артық есептелген стипендияны өтеуді талап етуге.";

2.3.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.3. Шетелдік ұйым белгілеген және Шетелдік ұйымның шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімдерге сәйкес виза алу, тағылымдамаға бару және өту үшін өз бетінше құжат ресімдеуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.3-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.3-1. Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімде оқуға нақты кірісуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.13-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.13-1. Орталыққа артық есептелген стипендияны (тұру, тамақтану не оқу материалына) қабылдау туралы хабарлауға, қаржы берешегін өтеу, академиялық оқу аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізілген шығыстар туралы Орталықпен өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қою.";

2.3.19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.19. Бекітілген оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсы аяқталғаннан бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі бар паспорттың көшірмесін ұсынуға.";

2.3.23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Қағидалардың 27-тармағы 5) тармақшасында белгіленген жағдайларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, алған мамандығы бойынша үзіліссіз еңбек қызметін жүзеге асыруға."

мынадай мазмұндағы 3.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1-1. Осы Шарттың жалпы сомасы инфляция шығындарын және бүкіл оқу кезеңі үшін валютаның бағамдық айырмасын ескере отырып, Орталықтың Стипендиатты

оқытуға жұмсаған нақты шығыстарын негізге ала отырып, өзгертілуі мүмкін және түпкілікті болып табылмайды.";

3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Стипендиат Қағидаларда көзделген және "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап туындаған шығыстарға өз бетімен ақы төлеген жағдайда, Орталық "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 тіркелген) сәйкес Стипендиаттың шығыстар төлемін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қосымша берілген жазбаша өтінішінің негізінде Стипендиатқа келтірілген шығыстарын өтейді.";

5.2 және 5.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыруға әкеп соққан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, не Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Стипендиат Орталық нақты келтірілген шығыстардың барлық сомасын міндетті түрде төлейді.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап және Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдаған күнге дейін осы Шарт бойынша Стипендиатқа жұмсалған ақша қаражаттарын қамтиды.

5.3. "Болашақ" стипендиясынан айыруға алып келген, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде шығыстарды өтеу туралы Республикалық комиссия шешім шығарған жағдайда, Стипендиатқа нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап, тұрақсыздық айыбы төлемін (айыппұлды) қоспағанда, оған жұмсалған нақты шығыстарды өтейді.";

6.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2. Осы Шарт Стипендиат нақты келтірілген шығыстарды және осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес айыппұл сомасын төлеген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары болмаған немесе ол осы Шартты 7-бөлімінде көзделген жағдайларда, осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде осы Шарт Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан Стипендиатты айырғаны немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау

жөніндегі комиссия Стипендиаттың "Болашақ" стипендиясынан бас тартқаны туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұзылған болып есептеледі.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Астана қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Phd докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

мынадай мазмұндағы 2.2.8-тармақпен толықтырылсын:

"2.2.8. Стипендиатта қаржылық берешек туындаған жағдайда тұруға, тамақтануға және/немесе оқу материалына есептелген стипендиядан қарыз сомасын ұстап қалуға не артық есептелген стипендияны өтеуді талап етуге.";

2.3.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.3. Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімдерге сәйкес виза алу, тағылымдамаға бару және өту үшін өз бетінше құжат ресімдеуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.3-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.3-1. Оқу орны белгілеген және Оқу орнының шартсыз шақыртуында көрсетілген мерзімде оқуға нақты кірісуге.";

мынадай мазмұндағы 2.3.10-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.10-1. Жеке оқу жоспарында бекітілген мерзімде Шарттың 1.2-тармағына сәйкес Phd докторы, бейін бойынша доктор дәрежесін тағайындау туралы құжатты алуға.";

мынадай мазмұндағы 2.3.13-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.13-1. Орталыққа артық есептелген стипендияны (тұру, тамақтану не оқу материалына) қабылдау туралы хабарлауға, қаржы берешегін өтеу, академиялық оқу аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізілген шығыстар туралы Орталықпен өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қою.";

2.3.23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсы аяқтаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге және Қағидалардың 27-тармағы 5) тармақшасында белгіленген жағдайларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, алған мамандығы бойынша үзіліссіз үш жыл еңбек қызметін жүзеге асыруға."

мынадай мазмұндағы 3.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1-1. Осы Шарттың жалпы сомасы инфляция шығындарын және бүкіл оқу кезеңі үшін валютаның бағамдық айырмасын ескере отырып, Орталықтың Стипендиатты оқытуға жұмсаған нақты шығыстарын негізге ала отырып, өзгертілуі мүмкін және түпкілікті болып табылмайды.";

3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Стипендиат Қағидаларда көзделген және "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап туындаған шығыстарға өз бетімен ақы төлеген жағдайда, Орталық "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 тіркелген) сәйкес Стипендиаттың шығыстар төлемін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қосымша берілген жазбаша өтінішінің негізінде Стипендиатқа келтірілген шығыстарын өтейді.";

5.2 және 5.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.2. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыруға әкеп соққан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, не Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Стипендиат Орталық нақты келтірілген шығыстардың барлық сомасын міндетті түрде төлейді.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап және Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдаған күнге дейін осы Шарт бойынша Стипендиатқа жұмсалған ақша қаражаттарын қамтиды.

5.3. "Болашақ" стипендиясынан айыруға алып келген, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде шығыстарды өтеу туралы Республикалық комиссия шешім шығарған жағдайда, Стипендиатқа нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

Стипендиат "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап, тұрақсыздық айыбы төлемін (айыппұлды) қоспағанда, оған жұмсалған нақты шығыстарды өтейді.";

6.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.2. Осы Шарт Стипендиат нақты келтірілген шығыстарды және осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес айыппұл сомасын төлеген күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

Орталықтың нақты келтірілген шығыстары болмаған немесе ол осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген жағдайларда, осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде осы Шарт Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясынан Стипендиатты айырғаны туралы немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің

өтініштерін қарау жөніндегі комиссия Стипендиаттың "Болашақ" стипендиясына қарсылық білдірілгені туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұзылған болып есептеледі.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Астана қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

2. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 06 қарашада № 8880 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стипендиаттармен оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу, стипендиаттарды орналастыруды жүзеге асыру, стипендиаттардың үлгерім мониторингі мен еңбек қызметін жүзеге асыру, стипендиаттардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл мүлкін ауыстыру, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, стипендиатқа жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларында:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлері өтініштерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – Республикалық комиссияның жұмыс органы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесу органы;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) еңбек қызметі (жұмыспен өтеу) – Іріктеу қағидаларының 27-тармағының 5) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, Қазақстан Республикасында алынған мамандық бойынша үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру бөлігінде шарттық міндеттемелерді орындау процесі;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) магистратура алдындағы дайындық – Стипендиаттарды академиялық оқитын елінде 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне және оқыту әдістеріне бейімдеп дайындау, егер оны өту академиялық оқуға қабылдау үшін оқу орнының міндетті талабы болса;"

мынадай мазмұндағы 3-1-тармағымен толықтырылсын:

"3-1. Стипендиат ауырған, іссапарда болған және оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болған жағдайда Стипендиат Іріктеу



қағидаларының 27-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей белгіленген мерзімде оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу мүмкін еместігі туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу мерзімін ұзарту туралы Комиссияға жүгінеді.

Оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту мерзімі Комиссия шешім қабылдаған сәттен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайды.

Оқу/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау сәтінде бұйрықта академиялық оқу/тағылымдамадан өту елінің тамақтану, тұру және оқу әдебиетін сатып алу шығыстар нормалары болмаған жағдайларды қоспағанда, Қағидалардың осы тармағында көрсетілген жағдайларда бір рет беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жылжымайтын мүлік кепілі шарты, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы келісімнің екі данасына тараптар қолдары қойылып, жылжымайтын мүліктің орналасқан орны бойынша "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдарында тіркелуге тиіс. Тіркеуші органдарында тіркелгеннен кейін жылжымайтын мүлік кепілі шартының немесе оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы келісімнің бір данасы Қоғамға қайтарылуға тиіс.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Стипендиаттың академиялық оқуының жалпы құны жабылмаған жағдайда, кепіл мүлкімен қамтамасыз етілмеген қалған сомаға кепілдік шарт (-тар) жасалады.

Жабылуға тиісті сомаға байланысты кепілгерлер мынадай санда ұсынылады:

оқу құны кепілзатпен жетпіс пайыздан артық қамтамасыз етілген жағдайда – бір кепілгер;

оқу құны кепілзатпен елу пайыздан жетпіс пайызға дейін қамтамасыз етілген жағдайда – екі кепілгер;

оқу құны кепілзатпен отыз пайыздан елу пайызға дейін қамтамасыз етілген жағдайда – үш кепілгер;

оқу құны кепілзатпен отыз пайыздан кем қамтамасыз етілген жағдайда – төрт кепілгер.

Академиялық оқуға жіберілетін, ауылдық елдімекенде соңғы 2 (екі) жыл ішінде тұратын және жұмыс істейтін Стипендиаттар үшін оқу құнын кепілдік қамтамасыз етумен жабу пайызына қарамастан екі кепілгердің шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылады."

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жұмыс берушінің анықтамаларымен және зейнетақы аударымдарының төленгенін растайтын құжаттармен (оның ішінде зейнетақы қорынан жазба) расталған соңғы күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде тұрақты еңбекақысы бар Қазақстан

Республикасының 50 (елу) жасқа дейінгі азаматтары кепілдік беруші бола алады. 12 (он екінші) ай үшін зейнетақы жарнасын есептеу болмаған кезде, егер кепілдік шартын жасасу ағымдағы айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылса, соңғы 11 (он бір) күнтізбелік ай үшін зейнетақы аударымының төленгенін растайтын құжатты ұсынуға жол беріледі.

”;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

”16. Стипендиаттың міндеттемесін орындауды қамтамасыз етуге берілген кепіл мүлкін ауыстыруды жүзеге асыру үшін назарға мына санаттар: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 314-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, ұсынылған жылжымайтын мүліктің құны, сапалық және сандық сипаттамасы, географиялық орналасуы алынады.”;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

”17-1. Кепіл затын ауыстыру туралы өтінішті қарау мерзімі өтініш түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннің ішінде жүзеге асырылады.”;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

”18. Жаңа кепіл шарты мемлекеттік тіркелгеннен кейін кепіл заты ауыстырылғанда Қоғам өтініш берушіге Қоғамға жаңа кепіл шартының данасын тіркелгені туралы белгісімен ұсынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұрынғы кепіл затынан ауыртпалықты алу үшін хат (еркін нысанда) және сенімхат береді.”;

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

”20-1. Стипендиаттың орналасу мерзімін кейінге қалдыруды алу, оқу елін, жоғары оқу орнын, мамандығын ауыстыру, оқуды ұзарту не ауыстыру (қосымша шығыстар болмаған кезде бір жылдан аспайтын мерзімге бір рет ауыстыруды қоспаған жағдайда) қажеттілігі туындаған жағдайда, Стипендиат растаушы құжаттарымен қоса өтінішпен Комиссияға жүгінеді.

Бір реттік оқу не тағылымдамадан өту мерзімін ауыстыру Комиссияның қарауына шығарусыз қосымша шығыстары болмаған жағдайда растаушы құжаттарды қоса бере отырып, бір жылдан аспайтын мерзімге ауыстыру туралы Стипендиаттың өтініші негізінде ауыстырылды деп есептеледі.”;

мынадай мазмұндағы 20-2-тармақпен толықтырылсын:

”20-2. Стипендиаттың оқуын ұзарту қажет болған жағдайда пайдаланылмаған кері билеті Комиссияның осы мәселені қарау нәтижесіне қарамастан, бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген оқуды бастапқы жоспарлы аяқтаған сәттен бастап екі жыл ішінде, сондай-ақ академиялық демалыста болған кезеңде сақталады.”;

22-3 және 22-4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

”22-3. Магистратура алдындағы дайындық, егер оны өту академиялық оқуға қабылдау үшін осы оқу орнының міндетті талабы болған жағдайда, конкурсқа қатысу сәтінде немесе кейінгі жылдары бекітілген конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік

курстардан өтуі үшін ұсынылатын жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізіміне кіретін Оқу орнында академиялық оқу басталар алдында жүзеге асырылады.";

22-4. Стипендиаттарды академиялық оқуға орналастыру тілдік курстарды аяқтаған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей жүзеге асырылады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Стипендиат Орталыққа оқу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту орнына дейін (виза алғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқуға, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өтуге алғаш рет баратын тұлғаларды қоспағанда) және бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына сәйкес әрбір оқу жылының тілдік курстары, тағылымдама мен академиялық оқу аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша әуебилетін сатып алу туралы жазбаша нысанда өтініш білдіреді.

мынадай мазмұндағы 27-2 тармақпен толықтырылсын:

"27-2. Егер стипендиат Қазақстан Республикасының аумағына оралғаннан кейін оған дәреже берілгені туралы құжатты ұсынбаған болса, бұл ретте стипендиат оқу шартының барлық шарттары мен талаптарын, оның ішінде оқу үлгерімі бойынша орындаған және оқу орнының оған дәреже беру туралы қарау шарттарына, мерзімдеріне байланысты өзіне тәуелді емес себептер бойынша оқудың толық курсы аяқталған болса, онда көрсетілген құжатты ұсынбай Қазақстан Республикасының аумағына оралғаннан кейін жұмыс берушіде еңбек қызметін жүзеге асырудың басталу кезеңі оқу орны оған бекітілген оқу жоспарында белгіленген диссертация қорғалған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей дәреже берген жағдайда еңбек өтіліне есептеледі.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Үлгерім және түлектердің еңбек қызметін жүзеге асыру мониторингі оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Түлектен немесе кепіл берушіден ауыртпалықты алу туралы өтініш түскенде Қоғам түлектің еңбек өтілімі бойынша шарттық міндеттемелерінің орындалуын төмендегілерді:

түлек оқуды/тағылымдамадан өтуді аяқтағаннан кейін алған мамандығы бойынша еңбек қызметін жүзеге асырған жұмыс берушілердің еңбек кітапшасындағы жазбаларын;

еңбек өтілімінің талап етілетін кезеңі ішінде аударылған міндетті зейнетақы аударымдары туралы үзінді көшірмелерде көрсетілген зейнетақы аударымдарын (Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты заңнамасының ерекшеліктері ескерілген);

жұмыс берушінің растаушы құжаттары мен мерзімі көрсетілген іссапарға жіберу туралы ақпаратты (егер бар болса);

Іріктеу қағидаларының 27-тармағы 5) тармақшасының ерекшеліктерін ескере отырып, "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында бола отырып, еңбек қызметін жүзеге асыруды (еңбекпен өтеу) есепке алып, тексереді.

Еңбек өтілімі мерзімдерін есептеуді Қоғам күнтізбелік күндермен жүзеге асырады. Конкурс жеңімпаздарының еңбек өтілімін жүзеге асыруының мерзімдері мен орны Іріктеу қағидаларымен реттеледі.

Түлек еңбек қызметін астанада немесе республикалық маңызы бар қалада, содан кейін өңірлерде немесе керісінше жүзеге асырған жағдайда, еңбек өтілімі мерзімін есептеу астанада немесе республикалық маңызы бар қалада атқарылған жұмыс күндері саны мен өңірде атқарылған жұмыс күндері санының пайыздық ара қатынасын қосу жолымен жүзеге асырылады.";

28-2-тармақта:

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шетелде академиялық оқуда оқитын зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;"

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Стипендиат тиісті академиялық дәреже берілген сәттен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде жүгінген жағдайда шетелде академиялық оқуын аяқтаған кезде 12 айдан аспайтын еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыруды ұсыну туралы Стипендиат өтініш берген сәтінде рейтингтердің соңғы жарияланымдарына сәйкес әлемнің үздік ұйымдарының ("Fortune Global 500", "Forbes Global 2000", "Forbes Top 100 Digital Companies") әлемдік рейтингтеріне кіретін ұйымдарда өндірістік тағылымдамадан өтуі;"

мынадай мазмұндағы 28-3-тармақпен толықтырылсын:

"28-3. Егер өтініш білдірген ата-ананың екеуі де стипендиат болса, үш жасқа дейінгі бала (балалар) тәрбиелеуде болған кезде еңбекпен өтеуді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру стипендиаттардың біріне беріледі.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Оқуды уақытша үзу қажет болған жағдайда, Стипендиат Қоғамға академиялық демалыс беру немесе оны ұзарту туралы жазбаша нысанда өтініш жасайды. Академиялық демалыс беру немесе оны ұзарту мәселесін бала үш жасқа толғанға дейін оның тууы, бала асырап алуы, заңнамада белгіленген жағдайларда әскери қызметке шақыру кезеңінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру жағдайларын қоспағанда Комиссия қарайды.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Академиялық демалыс Стипендиатқа Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген баланың туғанын, асырап алғанын растайтын құжаттың негізінде үш жасқа толғанға дейін заңнамада белгіленген жағдайларда, сондай-ақ бала туғанға, асырап алынғанға дейін әскери қызметке шақыру кезеңіне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру қағазы негізінде беріледі және ұзартылды деп есептеледі.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Тұруға, тамақтануға және оқу әдебиеттерін сатып алуға стипендия есептеу және төлеу Бұйрықпен бекітілген шығыстар нормаларына сәйкес, бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына сәйкес стипендиаттың оқу еліндегі нақты оқу кезеңі үшін ведомство құрылған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі.";

37-тармақтың мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Стипендиаттың өтініші негізінде Қоғам стипендиаттарға виза ресімдеу, ұзарту (Стипендиат шетелде болған жағдайда), тұру, тамақтану, медициналық сақтандыру шығыстары бойынша Бұйрықпен бекітілген шығыстар нормаларына сәйкес тұруға және тамақтануға арналған стипендия бойынша алты айлық нормативтерден аспайтын аванс береді.

Аванс беру кезінде авиаагенттіктермен тиісті шарт болмаған жағдайда, Қоғам Стипендиаттарға авиабилет(тер) сатып алуға аванс береді.

Бұл ретте әуе көлігін пайдаланғаны үшін жол жүру бойынша шығыстарға аванс беру Стипендиат әуебилетін (терді) брондау сәтінде жол жүрудің ең аз құнына жүргізіледі.

Қоғам оқу орнының талаптары бойынша стипендиаттардың оқуына (оқуға депозит) және міндетті қызметтерге ақы төлеуге аванс беруді жүргізеді.";

50 және 51-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Өз қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарын өндіру үшін Стипендиат Қоғамға шығыстарды өндіруге жазбаша өтініш пен жүргізілген шығыстар сомасын растайтын құжаттарды ұсынады. Өтеу бойынша қаражатты аудару осы Қағидалардың 47-тармағында көзделген талаптарды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып, осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген стипендиаттардың шығыстарын төлегенін растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес Стипендиат төлемді растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, Қоғам өтінішті тіркеген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

51. Стипендиат Республикалық комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясынан айырылған жағдайда, айыпақыны (айыппұлды) қоса алғандағы төлеуді, Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап стипендиатқа жұмсалған шығыстар өтелуге тиіс.

Стипендиат Комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, айыпақыны (айыппұлды) төлемей, Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап стипендиатқа жұмсалған шығыстар өтелуге тиіс.

Стипендиат шығыстарды (берешекті) өтеу туралы шешім қабылданған және/немесе шығыстарды (берешекті) өтеу туралы хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ерікті түрде өтеу туралы келісім жасасады және шығындарды өтеу туралы келісімде көрсетілген мерзімде өтейді.";

Оқуға/тағылымдамадан өтуге арналған шартты жасасу үшін құжаттар тізбесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайда, ауылдық елді мекендерде тұрақты тұрғылықты жері бойынша Стипендиаттың оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу күнінің алдындағы соңғы 2 (екі) жыл ішінде тіркелгенін растайтын тұрғылықты жері туралы мәлімет."

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Дербес деректерді жинау мен өңдеуге келісім беру.";

Жылжымайтын мүлік кепіл шартын жасау үшін құжаттар тізбесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құқықтық кадастр берген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама.

3. Кепілге ұсынылған жылжымайтын мүліктің құны оқу шартының сомасын жаппаса, Стипендиаттың өзін (ата-анасын, жұбайын/зайыбын, балаларын) қоса алғанда, құқықтық кадастрдың Стипендиат отбасының барлық мүшелерінен Қазақстан Республикасының барлық аумағында жылжымайтын мүліктің жоқ немесе бар екендігі туралы анықтамалар.";

Кепілдік шарт жасау үшін құжаттар тізбесінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лауазымы, жұмысқа қабылданған күні және кепілдік шартын жасасу алдындағы соңғы күнтізбелік 12 (он екі) айға табысы көрсетілген кепілгердің жұмыс орнынан анықтама (анықтамалар).

Өз ісімен айналысатын азаматтар кепілгер ретінде ұсынылған кезде: жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжат, сондай-ақ кепілдік шартын жасасу алдындағы соңғы күнтізбелік 12 (он екі) айға алған табысын растайтын құжат.

3. Кепілдік шартын жасау алдындағы соңғы күнтізбелік 12 (он екі) айға зейнетақы аударымдары төлемдерін растайтын құжаттар (оның ішінде зейнетақы қорынан үзінді көшірме).

12 (он екінші) ай үшін зейнетақы жарнасы есептелмеген жағдайда, егер аталған шартты жасасу ағымдағы айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылса, кепілдік шартын

жасасу күнінің алдындағы соңғы күнтізбелік 11 (он бір) ай үшін зейнетақы аударымының төленгенін растайтын құжатты ұсынуға жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұрықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 маусымда № 11258 тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жұмыс орнын сақтау шартымен маманды даярлау жұмыс берушінің өтінім нысаны Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткерлер сауалнамасының үлгілік нысаны Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тағылымдамадан өту бағдарламасына қойылатын талаптар Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесі Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын,

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлердің тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесуін бағалау парағының үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тілдік курстар ұзақтығының кестесі Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастыруды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 268 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 маусымда № 15253 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Комиссия қызметін қамтамасыз етеді және оның міндеттерінің іске асырылуына жалпы бақылау жасайды.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Комиссия отырысы өткізілген кезде аудио және бейнежазба жүргізіледі.

8. Комиссияның негізгі міндеті мыналар:

1) магистр, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға үміткерлермен анонимді жеке әңгімелесу өткізу;

2) тағылымдамадан өтуге үміткерлермен анонимді жеке әңгімелесу өткізу және тағылымдамаға шартсыз шақыртуды растайтын құжаттарды, тағылымдама бағдарламасын, тағылымдамадан өту құнын (есептің толық жазылуы) қарау.

9. Комиссия мүшелері магистр, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға, тағылымдамадан өтуге:

1) үміткердің кәсіби даярлық деңгейін (тәжірибелік дағдыларын);

2) таңдаған оқу мамандығы бойынша базалық білім деңгейін (теориялық дағдыларын);

3) мамандықты таңдауды түсіну деңгейін, дәлелділікті;

4) таңдаған мамандану саласында бірінші турдың нәтижелері бойынша анықталған кәсіби құзыреттердің сәйкестігін;

5) тағылымдамадан өту тақырыбының өзектілігі мен жаңалығын;

6) тағылымдама мақсатына қол жеткізу үшін тағылымдамадан өту бағдарламасының сапалы мазмұнын (жоспар кестесі бойынша іс-шаралар);

7) шығындар (құны) мен күтілетін нәтижелердің арақатынасын негізге ала отырып, таңдаған шетелдік ұйымда тағылымдамадан өтуді ұйымдастырудың орындылығын анықтау үшін үміткерлермен жеке әңгімелесу өткізеді.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда:

"13. Комиссия әрбір үміткермен әңгімелесу өткізеді, оның ішінде онлайн режимінде 30 минуттан артық емес жүргізеді.

14. Үміткерге сұрақтар осы тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастырудың қосымшасында көрсетілген болжалды сұрақтар тізбесі бойынша қазақ және орыс тілдерінде немесе болжалды оқу елінің тілінде қойылады. Комиссияның әр мүшесі болжалды сұрақтар тізбесінен кемінде бір сұрақтан қояды, бұл ретте сұрақтардың жалпы 8 (сегіз) сұрақтан асып кетпеуі тиіс.

Комиссия мүшелері болжалды сұрақтар тізбесіне кірмейтін, бірақ осы тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастырудың 9-тармағына сәйкес келетін қосымша 3 (үш) сұраққа дейін қояды.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әңгімелесу онлайн режимде өткізілген жағдайда дербес әңгімелесу парақтарының көшірмелері Қоғамға жіберіледі не үміткерлермен дербес әңгімелесу өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылады.



Үміткерлердің дербес әңгімелесу парақтары олардың көшірмелері, Комиссия өткізетін дербес әңгімелесудің аудио және бейнежазбалары конкурс аяқталған сәттен бастап Қоғам мұрағатында кемінде 1 (бір) жыл сақталады.

Қоғам дербес әңгімелесу өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде әрбір үміткер бойынша үміткермен дербес әңгімелесу өткізген Комиссияның барлық мүшелері толтырған дербес әңгімелесу парақтары бойынша орташа баға шығарады және Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның қарауына ұсыну үшін Комиссияның орташа бағасын көрсете отырып, барлық үміткерлердің тізімі қалыптастырылады.";

17-тармақ алып тасталсын;

Тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастыруға қосымша Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 19 шілдедегі № 345 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15455 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларының 34-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына сәйкес әзірленді және "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы

Әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтарып алуға байланысты жұмысты ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия – Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның "Болашақ" стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі жұмыс органы ретінде құрылған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) борышкер – Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия) не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тұрақсыздық айыбы (айыппұл) төлемін қоса алғанда, шығындарды өтеумен "Болашақ" стипендиясынан айыру немесе "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдау туралы шешіміне қатысты тұлға;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) шығындар – Әкімшінің борышкерге "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған күннен және Республикалық комиссия не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру немесе бас тартуды қабылдау туралы шешімді қабылдаған күнге дейін оқытуды ұйымдастыру бойынша барлық жұмсалған ақшалай қаражатты қамтитын нақты шығындары;"

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидалардың 33-тармағына сәйкес Республикалық комиссия не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы шешімді немесе "Болашақ" стипендиясынан бас тартуды қабылдау туралы шешімді қабылдаған жағдайда, Әкімші борышкерлерді тиісті шешім шығарылған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша (еркін түрде) хабарландырады.

5. Әкімші Республикалық комиссияның не "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның "Болашақ" стипендиясынан айыру немесе стипендиядан бас тартуды қабылдау туралы хаттамалық шешімі негізінде есептелген шығындар толықтығын, жабылмаған аванстық төлемнің бар-жоғын тексереді, борышкерлер оқуын ұйымдастыруға жұмсалған шығындарды 10 (он) жұмыс күні ішінде айқындайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 1-1-қосымша Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсы жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, шетелдік ұйымдар тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 444 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 15819 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Жұмыс органы);".

---

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 7 қазандағы  
№ 413 бұйрығымен  
бекітілген

Стипендиаттармен оқуға/  
тағылымдамадан өтуге шарт  
жасасу, стипендиаттарды  
орналастыруды жүзеге  
асыру, стипендиаттардың  
үлгерім мониторингі мен еңбек  
қызметін жүзеге асыру,  
стипендиаттардың  
міндеттемелерін орындауын  
қамтамасыз ету ретінде  
ұсынылған кепіл мүлкін  
ауыстыру, Шетелде кадрлар  
даярлау жөніндегі  
республикалық комиссия  
"Болашақ" халықаралық  
стипендиясын тағайындау  
туралы шешім шығарған  
күннен бастап тұрақсыздық  
төлемін (айыппұлды) қоса  
алғанда, стипендиатқа  
жұмсалған шығыстарды  
өтеу қағидаларына  
4-қосымша

**"Болашақ" бағдарламасы стипендиаттарының шығыстарын растайтын қажетті құжаттар тізбесі**

№ п/п	Шығыс баптары	Растайтын құжаттар
1	виза ресімдеу, ұзарту (консулдық алым)	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі);</p> <p>2) виза көшірмесі, оқу елі виза жапсырмасын салмаған жағдайда, виза алғаны туралы электронды растама ұсыну қажет;</p> <p>3) визаны ресімдеу үшін төлемнің электрондық растамасы.</p>
2	оқу орындарына 5-тен (бестен) аспайтын сауалнама нысанын ресімдеу және тапсыру	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі);</p> <p>2) сауалнама нысандарының барлық түрлерін ресімдеуге және беруге төлемдерді растайтын оқу орнының электрондық растамасының қағазға басылған нұсқасы.</p>
3	қабылдаушы елдердің уәкілетті органдары мен оқу орындарында тіркелу	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі);</p>

		2) тіркеу туралы сертификаттың көшірмесі не қабылдаушы елдердің уәкілетті органдарында және оқу орнында тіркелгені үшін төлем туралы электрондық растаманың қағазға басылған нұсқасы.
4	емтихандар	1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі); 2) сертификаттың электрондық көшірмесі/төлем туралы электронды растаманың қағазға басылған нұсқасы.
5	оқу (оның ішінде оқуға арналған депозит), оқу орындарының талаптары бойынша міндетті қызметтер	1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі), не оқу орнының төлемді растайтын хатының түпнұсқасы; 2) төлемнің толық жазылуымен төлем шотының (инвойс) көшірмесі немесе төлем туралы электронды растаманың қағазға басылған нұсқасы.
		1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға

6	міндетті медициналық тексеру	<p>жол беріледі), не оқу орнының төлемді растайтын хатының түпнұсқасы;</p> <p>2) сертификаттын/тесттің электрондық көшірмесі немесе сертификаттың/тесттің электрондық растаманың қағазға басылған нұсқасы;</p> <p>3) медициналық тексерудің міндеттілігі туралы ақпаратты растаманың қағазға басылған нұсқасы.</p>
7	оқу орындарының үлгерім туралы ресми құжаттарын (транскрипт) ұсынуы	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі), не оқу орнының төлемді растайтын хатының түпнұсқасы;</p> <p>2) транскрипт көшірмесі.</p>
8	медициналық сақтандыру	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (шетелдік банктен/сақтандыру компаниясынан ресми анықтама/хат ұсыну мүмкін);</p> <p>2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы/көшірмесі.</p>
		<p>1) жол жүру билетінің түпнұсқасы (теміржол билеті, автобус билеті) не штрих/ Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен электронды билет;</p> <p>Қазақстан Республикасының ішінде әуе көлігімен ұшқан жағдайда купе вагонының тарифінен жоғары емес темір жол жүру құны өтеледі;</p>

9	Қазақстан Республикасының ішінде жол жүру (теміржол көлігі, автобус)	<p>1.1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Квик Респонс) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен;</p> <p>1.2) электрондық билет;</p> <p>1.3) отырғызу талондарының түпнұсқалары не штрих Quick Response (Квик Респонс) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен электрондық отырғызу талон(дары);</p> <p>1.4) теміржол вокзалынан билетті сатып алу күніне купелі вагонның құны туралы анықтаманың түпнұсқасы (жұмсақ дивандары төмен орналасқан 2 жергілікті купесі, оның жағдайын реттеу жөніндегі құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолары (СВ) , сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" сыныптары бар вагондарды қоспағанда). Жоғарыда аталған құжаттар болмаған жағдайда, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), құнын, сыныбын, бағытын көрсете отырып және билетті сатып алу және пайдалану фактісін растайтын анықтаманы авиаагенттіктен ұсынуға болады.</p>
10.	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жол жүру	
10.1	теміржол көлігіне, автобуска ақы төлеуді өтеу	<p>1) жол жүру билетінің түпнұсқасы (теміржол билеті, автобус билеті) не Quick Response (Квик Респонс) штрих коды бар электронды билет ;</p> <p>2) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Квик Респонс) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі) немесе жол ақысы</p>

		көрсетілген жол жүру құжатының түпнұсқасы.
10.2	Әуе билеттері ақысын өтеу	<p>1) төлем туралы чектердің түпнұсқалары, төлем туралы түбіртектер, не банктің мөртабанымен расталған клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірме немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен (төлем фактісін растайтын шетелдік банктен анықтама/хат ұсынуға жол беріледі);</p> <p>2) электрондық билет;</p> <p>3) отырғызу талондарының түпнұсқалары не штрих Quick Response (Квик Респонс) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен электрондық отырғызу талон(дары);</p> <p>Жоғарыда аталған құжаттар болмаған жағдайда, авиаагенттің анықтамасының/хатының түпнұсқасын тегін, атын, әкесінің аты (бар болса) мыналарды көрсете отырып: билеттің құны, нөмірі, сыныбы, бағыты, билетті сатып алу және билетті пайдалану фактілерін растау.ұсынуға жол беріледі.</p>
11.	Банк қызметтері (жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін шығару, қайта шығару және банк карточкасына қызмет көрсету)	<p>банктің мөртабанымен немесе банктің штрих/Quick Response (Quick respons) кодымен/электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған банктік үзінді көшірме.</p>

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 22 мамырдағы  
№ 318 бұйрығына  
1-қосымша

**"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі**



1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі:

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі В1 деңгейін (базалық деңгей) құрайды.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген В1 не одан жоғары деңгейде қазақ тілінен (ҚАЗТЕСТ) емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификатты ұсынады.

2. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған үміткерлер үшін шет тілін білудің қажетті ең төменгі деңгейі:

№	Оқу тілі	Санаты	Бірінші шектілік деңгейі	Екінші шектілік деңгейі	Үшінші шектілік деңгейі
1.	Ағылшын	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: PBT 677-ден 417, ITP 677-ден 417, IBT 120-дан 35 DET 80-нен 160 дейін IELTS Indicator 5.0	IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: IBT 120-дан 60, PBT/ITP 677-ден 498	IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: IBT 120-дан 79, PBT/ITP 677-ден 548
		Өз бетінше түскендер	-	-	IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: IBT 120-дан 60, PBT/ITP 677-ден 498
		Тағылымдама	-	-	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: IBT 120-дан 35, PBT/ ITP 677-ден 417 DET 75-тен жоғары
		Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер,	Goethe-Zertifikat B1-B2,		Goethe-Zertifikat C1, TestDaF TDN 4,

2.	Неміс	Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	TestDaF TDN 3, DSH-1	-	DSH-2 (DSH-3 медициналық бағыт бойынша талап етіледі)
		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
		Тағылымдама	-	-	Goethe-Zertifikat B1-B2, TestDaF TDN 3, DSH-1
3.	Француз	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	TCF 300 DELF B1	-	TCF 500 DALF C1
		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
		Тағылымдама	-	-	TCF 300 DELF B1
4.	Дат	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	Prøve i Dansk 2	-	Studieprøven 02 балдан әр секция бойынша (дат тілін бағалаудың 7 балдық жүйесі бойынша) 6 балдан әр секция бойынша (дат тілін бағалаудың 13 балдық жүйесі бойынша)
		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р

			Тағылымдама	-	-	Prøve i Dansk 2
5.	Швед		Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	Swedex B1	-	TISUS (Godkänd), Svenska 3
			Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	Swedex B1
6.	Итальян		Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	CILS B1/CELI 2	-	CILS C1/CELI 4
			Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	CILS B1/CELI 2
7.	Испан		Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	DELE B1	-	DELE C1
			Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	DELE B1
			Инженерлік-техникалық қызметкер,			Profile Academic and professional language proficiency (Educatif

8.	Голланд	Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	PMT (B1)	-	Professioneel - PAT) (C1) Profile Language Proficiency higher education (Educatif Startbekwaam -PTHO) (C1)
		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
		Тағылымдама	-	-	PMT (B1)
9.	Норвеж	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	Norskprøve 3 (B1)	-	Bergentest (C1)
		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
		Тағылымдама	-	-	Norskprøve 3 (B1)
10.	Фин	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	YKI 3 (B1)	-	YKI 5 (C1)
		Өз бетінше түскендер	-	-	YKI 5 (C1)
		Тағылымдама	-	-	YKI 3 (B1)
11.	Корей	Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	ТОPIK 6 деңгейден 2	-	ТОPIK 6 деңгейден 5

			Өз бетінше түскендер	-	-	IELTS: 6.0 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	ТОPIK 6 деңгейден 2
12.	Қытай		Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	HSK 6 деңгейден 3	-	HSK 6 деңгейден 5
			Өз бетінше түскендер	-	-	HSK 6 деңгейден 5 HSK 6 деңгейден 5 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	HSK 6 деңгейден 3
			Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	CCE B1	-	CCE C1
13.	Чех		Өз бетінше түскендер	-	-	CEFR B2 баламасы бар сертификатта р
			Тағылымдама	-	-	CCE B1
			Инженерлік-техникалық қызметкер, Медициналық қызметкер, Ауылдық елдімекеннен шыққан үміткер	Nihongo Nōryoku Shiken 1-ден 5	-	Nihongo Nōryoku Shiken 1-ден 2
14.	Жапон		Өз бетінше түскендер	-	-	IELTS: 6.0 баламасы бар сертификатта р

			Тағылымдама	-	-	Nihongo Nōryoku Shiken 1-ден 5
--	--	--	-------------	---	---	--------------------------------------

### Ескертпе:

Осы кестеде академиялық оқыту/тағылымдамадан өту тілі болмаған жағдайда, шет тілін білу деңгейі CEFR стандартына сәйкес кемінде B1 деңгейімен халықаралық үлгідегі ресми жарамды сертификатпен расталуы тиіс. Бұл ретте, орыс тілінде академиялық оқу/тағылымдамадан өту жағдайында ресми жарамды сертификат беру талап етілмейді.

Академиялық оқуға шартсыз қабылдау туралы хат ұсынған инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері, ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер оларды академиялық оқуға орналастыру кезеңінде үшінші шекті деңгейде көрсетілген ресми жарамды сертификатты ұсыну талаптарынан босатылады.

Ағылшын тілі тағайындау елінің ресми тілі болып табылмаған жағдайда, тілдік курстарды Ұлыбритания немесе АҚШ тіл мектептерінен өтуі мүмкін.

Германия Федеративтік Республикасында академиялық бағдарламалар бойынша оқу үшін үміткерлер өз қаражаты есебінен DAAD комиссиясымен әңгімелесуден өтеді.

Бірінші шектілік деңгейі – Қазақстан Республикасының аумағында тілдік курстарға жіберу үшін.

Екінші шектілік деңгейі – шетелге тілдік курстарға жіберу үшін.

Үшінші шектілік деңгейі – академиялық оқуға жіберу үшін.

Емтихан атаулары бойынша ақпарат:

CEFR (Common European Framework of Reference for Languages – Камон Еуропиан Фрэмворк оф Рэфэрэнс фор Лэнгуэджэс) – шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілік стандарты;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana – Цертификатос ди Коношэнза делла Лингуа Италияна) – итальян тілін шет тілін ретінде білу сертификаты;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera – Цертификационе ди Италияно комэ Лингуа Страниера) – итальян тілін шет тілі ретінде меңгеру дәрежесін растайтын сертификат;

Czech Certificate Exam (CCE) – чех тілі бойынша сертификатталған емтихан, шетелдіктер үшін чех тілін білуге арналған кеңінен таралған емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst – Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст) – неміс академиялық алмасу қызметі;

DALF (Diplome Approfondi de Langue Francaise – Дипломэ Апрофонди ду Лонг Фронсез) – француз тілін тереңдетіп білу туралы диплом;

DELE (Diplomas de Español como Lengua Extranjera – Дипломас дэ Эспаньол комэ Лингуа Икстранхера) – испан тілін шет тілі ретінде білу сертификаты;

DELFL (Diplome d'Etudes en Langue Francaise – Дипломэ тьюд он Лонг Фронсэз) – француз тілін білу туралы диплом;

DET (Duolingo English Test) (Дуолинго Инглиш Тест) – бейне әңгімелесу және нәтижелерді жылдам өңдеу арқылы ағылшын тілін білуді анықтауға арналған онлайн-тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang – Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшульцуганг) – DSH емтиханы Германияның жоғары оқу орындарының біреуіне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германияның жоғары оқу орындарында кезекті семестр басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

